

ОРМАН ҚОРЫ УЧАСКЕЛЕРІН МӘДЕНИ-САУЫҚТЫРУ (ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ) МАҚСАТТАРЫНДА ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
16 наурыз 1994 ж. N 274. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1286
қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Орман кодексін күшіне енгізу тәртібі туралы"
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 23 қаңтардағы N 1925
қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы
е т е д і :

Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру (қалпына келтіру) мақсаттарында
пайдаланудың тәртібі туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 4 ж ы л ғ ы 1 6 н а у р ы з д а ғ ы
N 2 7 4 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру (қалпына келтіру) мақсаттарында пайдалану тәртібі туралы Ереже

Жалпы ережелер

1. Осы ереже орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру (қалпына келтіру)
мақсаттарында пайдалану және оларды беру шарттарын реттеу үшін Қазақстан
Республикасының Орман кодексіне сәйкес әзірленген және оны орындау заңды
ұйымдар мен азаматтар, соның ішінде шетелдік азаматтар үшін міндетті болып
т а б ы л а д ы .

2. Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру мақсаттарында пайдалану
орманның тіршілігі кезіндегі функцияларын азаматтардың тынығуы мен емделуі
жолымен денсаулығын және еңбек қабілетін қалпына келтіру, сондай-ақ

қызғылықты жерлерге барумен байланысты туризм үшін пайдалануды көздейді, орман қорының бүкіл аумағында, қорықтар мен ұлттық парктердің қорық аймақтарынан, сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғаудың бірінші белдік аймақтарына, генетикалық резерванттарынан, кейбір табиғи ескерткіштерден, табиғат қорғау режимі тиісті ережелермен реттелетін ерекше күзетілетін заказник бөліктерінен басқаларында жүзеге асырылады.

3. Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру мақсаттарында пайдалану өрт қауіпсіздігі, селекциялық-тұқым шаруашылық жұмыстарын, жаңғақ кәсіпшілігі, орман жемісі шаруашылығын жүргізу мүддесі үшін, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын атқару кезінде шектелуі мүмкін.

Аталған шектеулер облыстық орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органының ұсынысы бойынша облыстық атқарушы өкімет органының шешімі негізінде енгізіледі.

4. Мәдени-сауықтыру мақсаттарында басымырақ пайдаланылатын орман қоры учаскелерінде (қалалық ормандарда, орман парктерінде, қалалардың, басқа да елді мекендер мен өнеркәсіп кәсіпорындарының төңірегіндегі жасыл аймақтарда, курорттарды санитарлық қорғау округтерінің ормандарында, ұлттық және тарихи-табиғат парктерінің қалпына келтіру аймақтарында және т.б.) олардың аумағын ұйымдастыру кезінде қалпына келтіру жүктемесі, ландшафт түрлері, қалпына келтіруден ауытқу дәрежесі белгіленіп, ұйымдық-шаруашылық шаралардың тізбесі анықталады, ағаштарды санитарлық-гигиеналық және эстетикалық бағамдау жүргізіледі.

5. Орман қоры учаскелеріне қалпына келтіру жүктемесін анықтаудың принциптері мен әдістерін, қалпына келтіру объектілерін жобалаудың нормативтерін мамандандырылған ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдары жасайды және оларды мемлекеттік орман шаруашылығын басқару органдары бекітеді.

6. Осы Ереженің талаптары орындалуын бақылауды мемлекеттік орман шаруашылығын басқару органдары, сондай-ақ бақылауға арнайы өкілдік берілген басқа да органдар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген өзінің құзыры шегінде жүзеге асырады.

Азаматтардың ормандарда болуы

7. Тынығу мақсаттарымен ормандарда болатын азаматтардың жабайы жемістерді, жаңғақтарды, қозықұйрықтарды, жидектерді, дәрілік шикізаттарды және басқа орман өнімдерін жинауға құқығы бар, оны арнаулы нормативті құжаттар реттейді.

8. Азаматтардың тынығуы, аумақты көркейту шаралары жүргізілген (

автотұрақтар, спорт алаңдары жабдықталған немесе экскурсиялық қызмет көрсету ұйымдастырылған) орман қоры учаскелерінен басқаларында, тегін жүзеге асырылады. Ал көркейту шаралары жүргізілген учаскелерде тынығу үшін ақы төлеттіріледі, оның мөлшерін мемлекеттік орман шаруашылығын басқару органдарының ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы өкімет органдары бекітеді.

9. Орман қоры аумағында мәдени-бұқаралық шаралар жүргізу кезінде оның шарттары мемлекеттік орман шаруашылығын басқару органдарымен келісіледі.

10. Азаматтар ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға, ағаштар мен шіліктерді сындыруға, кесуге, екпе ағаштарды бүлдіруге, орманды ластауға, құмырсқа илеулерін, құстардың ұяларын бұзуға жол бермеуге міндетті.

Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру мақсаттарында пайдалану үшін беру

11. Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру мақсаттарында пайдалану үшін беруді ақылы негізде жергілікті атқарушы өкімет органдары: мемлекеттік орман шаруашылығын басқару органдарының бір жылдан 50 жылға дейінгі мерзімге лицензия, ал бір жылға дейінгі мерзімге орман билетін беруі арқылы жүзеге асырады.

12. Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру мақсаттарында пайдалану құқығы:

орман қоры учаскелерін пайдаланудан өз еркімен бас тартқанда;
пайдалану мерзімі өткенде;

орман қоры учаскелері берілген кәсіпорын немесе басқа да шаруашылық жүргізуші субъект таратылған;

орман қорының жерлері мемлекеттік немесе қоғамдық мұқтаждықтар үшін қайтарып алынған;

орманды қалпына келтіріп пайдалануды жүзеге асыруда белгіленген тәртіппен ережелер бұзылған;

рұқсат беретін құжаттарда көзделген міндеттерді орманды пайдаланушылар орындамаған;

орман қалпына келтіріп пайдалануға тыйым салынған қорғаныштық санатқа жатқызылған жағдайда тоқтатылады.

13. Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру мақсаттарында пайдалану құқығын тоқтату рұқсат етілген құжаттарды берген органдардың оны жоюы арқылы ресімделеді.

Орман қоры учаскелерін пайдалануды тоқтату жөніндегі шешімге келіспеген жағдайда орманды пайдаланушылар сотқа беру тәртібімен шағымдана алады.

Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру мақсаттарында пайдаланғаны үшін ақы төлеу

14. Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру мақсаттарында пайдаланғаны үшін төлем Қазақстан Республикасының Орман кодексіне және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексіне) сәйкес жүзеге асырылады. <*>

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.04.15. N 431 қаулысымен .

Орман қоры учаскелері иелерінің құқықтары мен міндеттері

15. Орман қоры учаскелері иелерінің:
орманды қалпына келтіріп пайдалануды жүзеге асыруға және шаруашылық қызметтің осы түрінен кіріс алуға;

орманды пайдаланушыларға тиісті рұқсат ету құжаттарын бере отырып орманды қалпына келтіріп пайдалануды жүзеге асыру құқығын беруге;

белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық және техникалық құжаттамаға сәйкес қалпына келтіру мақсаттары үшін қажетті құрылыстар мен ғимараттар т ұ р ғ ы з у ғ а ;

орманды пайдаланушылардың орман учаскелерін қалпына келтіріп пайдалануды жүзеге асыру кезінде орман заңдарының талаптарын бұзуы салдарынан орман жерінің бүлінуіне әкеп соқтырған, сондай-ақ орман қоры жерлері мемлекет мұқтажы үшін қайтарып алынған жағдайда келтірілген зиян мен шығынға өтем жасатуға ;

орманды пайдаланушылардың орманды қалпына келтіріп пайдалануды жүзеге асыруы кезінде нормалар мен ережелерді, сондай-ақ орман заңдарының өзге де талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар.

16. Орман қоры учаскелері иелерінің міндеттері:
қолданылып жүрген орман заңдарына және басқа нормативті құжаттарға, сондай-ақ орман орналастыру және басқа жобалық құжаттамаға сәйкес орманды қалпына келтіріп пайдалануды жүзеге асыру;

қалпына келтірілетін ағаштардың ауқымын жобаларда анықталған оңтайлы мөлшерге дейін ұлғайтылуын және олардың қалпына келтіру жүктемелеріне төзімділігін қамтамасыз ету.

Орманды пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері

17. Орманды пайдаланушылардың:
өздеріне берілген рұқсат ету құжаттарына сәйкес орманды қалпына келтіріп

орман иелерінің келісуі бойынша және белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық және техникалық құжаттамаға сәйкес қалпына келтіру мақсаттары үшін қажетті құрылыстар мен ғимараттар тұрғызуға;

бекітіліп берілген учаскелердегі ормандардың қорғаныштық санаты өзгеруі салдарынан, сондай-ақ орман қоры жерлерін мемлекет мұқтажы үшін қайтарып алынған кезде келтірілген шығынға өтем жасатуға құқығы бар.

18. Орманды пайдаланушылардың міндеттері:

орманды қалпына келтіріп пайдалануды рұқсат етілген құжаттарға, сондай-ақ қолданылып жүрген орман заңдарына, нормативті актілерге, орман орналастыру және басқа жобалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асыру;

санитарлық ережелерді, өрт қауіпсіздігін сақтау, бекітіліп берілген учаскелерде өртке қарсы шараларды жүргізу, ал өрт шыққан жағдайда оны с ө н д і р у г е қ а т ы с у ;

орманды қалпына келтіріп пайдалануды жануарлар дүниесін және олар мекендеген ортаның сақталуын қамтамасыз ететін тәсілдермен жүргізу; қалпына келтіріп пайдаланғаны үшін ақыны белгіленген мерзімде төлеу.

Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру (қалпына келтіру) мақсаттарында пайдалану тәртібі туралы ережені бұзғандық үшін жауапкершілік

19. Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру (қалпына келтіру) мақсаттарында пайдалану тәртібі туралы ереже талаптарының бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік, әкімшілік, азаматтық және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

20. Орман иелері мен орман пайдаланушылардың құқықтары бұзылған жағдайда оларды қорғау сот тәртібімен жүзеге асырылады.